

2002 жылғы 7 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімді іске асыруға жауапты Қазақстан Республикасының құзыретті органын айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 882 қаулысы.

2002 жылғы 7 қазанда Кишиневте жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Келісімнің ережелерін іске асыруға жауапты Қазақстан Республикасының құзыретті органы болып айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 18.12.2024 № 1069 қаулысымен

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетін қабылданған шешім туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев